

ӘОЖ 81'384
КБЖ 81.2стд 1-4
Қ 17

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

ҚҰ ҰҒА корреспондент мүшесі З.Базарбаева,
филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Манкеева

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор Н.Уәли,
филология ғылымдарының кандидаты А.Фазылжанова

Конференция материалдарын баспаға әзірлегендер:

Г.Көбденова, А.Сейтбекова, Г.Мамырбекова, А.Үдербаев

Қ17 «Қазақ лексикографиясы: тарихы, тәжірибесі, болашағы» атты халықар. ғыл.-теор. конф. / Жауапты ред. – Г.Көбденова. – Алматы: "Елтаным баспасы", 2015. – 420 бет.
ISBN 978-601-7348-90-8

Жинаққа лексикограф-ғалым, филол.ғ.д., профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Мырзаберген Малбақовтың 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазақ лексикографиясы: тарихы, тәжірибесі, болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары еніп отыр.

Жинақ тіл білімімен айналысып жүрген тіл мамандарына, филология факультеттерінің докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 81'384
КБЖ 81.2стд 1-4

<i>Абиева К.К.</i> Ұлттық ойын атауларының сөзжасамдық әлеуеті.....	157
<i>Абильбекова Б.Т.</i> Синоним сөздердің стильдік реңктері мен пайда болу жолдары.....	161
<i>Журсиналина Г.К.</i> А.Байтұрсынов – қазақтың парасатты патриоты, сан қырлы саңлақ дарын иесі.....	168
<i>Серікқалиева А.Қ.</i> Шежірелердегі «Орыс» тұжырымы.....	171

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТТАР

<i>Садықов Т., Артықова Ж.</i> «Манас» эпосундағы сырлық сөздердүн бейвербалдық контексти жөнүндө	174
<i>Жұбанов А.Қ.</i> Тіл мен мәдениеттің лексика-фразеологиялық жүйесін қазақ тілінің Ұлттық корпусы негізінде кешенді зерттеу.....	177
<i>Шойбеков Р.Н.</i> Қой малының мінез-құлқы мен күй-жайына байланысты атаулардың лингвомәдени семантикасы.....	181
<i>Садирова К.Қ.</i> Дискурс және сөз жанрлары	184
<i>Жаңабекова А.Ә.</i> Тілдік корпусардың ғылыми-зерттеу әлеуеті.....	189
<i>Аманбаева А., Жұмабаева Ж.</i> Қазіргі қазақ тілтанымындағы сөйленім синтезінің мәселелері	192
<i>Ахметжанова З.К.</i> К вопросу о методологии исследования лингвокультуры.....	193
<i>Шаймердинова Н.Г., Тажисбаева С.Ж., Невская И.А., Шениг К.</i> Татарская диаспора Казахстана: первые результаты социокультурного анализа.....	199
<i>Әбдуақап Қара.</i> Қазақстанда алфавит өзгерісі үдерісі және қазақ латын әліпбиін жасаудағы проблемалар.....	203
<i>Қасым Б.Қ., Байоралова Қ.</i> Символдық ұғымдардың берілу тәсілдері.....	207
<i>Шалабай Б.</i> Мәтіннің композициялық-стистикалық құрылымы.....	211
<i>Ермекова Т.Н.</i> Синтаксистік бірліктің компоненті ұғымы.....	214
<i>Хасанов Ғ.Қ.</i> Қ.Мырза Әли поэзиясындағы «Дала» концептісінде дәстүрлі метафоралардың қолданылу ерекшеліктері.....	216
<i>Тлеубердиев Б.М.</i> Қазақ ономастикасындағы ғылымның топонимикалық бейнесі.....	220
<i>Аитова Н.Н.</i> Ұлттық материалдық мәдениетке қатысты кейбір атаулардың ассоциациялық өрісі.....	223
<i>Исхан Б.Ж., Мурзинова А.</i> Ұлттық таным-түсінік және ұлттық атаулар.....	228
<i>Ертаева Ф.</i> Мәдениетаралық коммуникациядағы тілдің рөлі.....	231
<i>Жайлаубаева М.</i> Бейвербалды амалдардың ұлттық-мәдени сипаты.....	234
<i>Жамбылқызы М.</i> Description, history and semantics of phrasal verbs	236
<i>Илгишева М.Д., Ошан Г.А.</i> Ұлттық сана және уақыт концептісі.....	239
<i>Карабалина Б.</i> Газет тақырыптарының интерполяция және реминесценция тәсілдері негізінде берілуі.....	241
<i>Ермекбай Ғ.Ж.</i> Қазақ терминологиясының тұжырымдамалық негізі және көкейкесті мәселесі.....	243
<i>Әбдіманап Б.Е.</i> Қазақ тіліндегі лингвомәдени бірліктердің мәні.....	249
<i>Жылқыбаева А.Ш., Семенова Ж.А.</i> Концепт – когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымы.....	253
<i>Иманқұлова М.А.</i> С.Аманжолов еңбектеріндегі грамматикалық бірліктерге қатысты таным категориясы.....	257
<i>Қожасметова А.Қ., Карбозова Б.Д.</i> Корпустық лингвистикадағы метабелгіленім ұғымы туралы түсінік.....	260
<i>Қайыпбаева А.</i> Көркем шығармалардағы синтаксистік синонимдер (М.Жұмабаев, С.Сейфуллин шығармалары бойынша).....	263
<i>Құрманәлиева З.А.</i> Реңктік мағынаның ғылыми әдебиеттерде қолданылуы.....	266
<i>Мукашева Р.А.</i> Ұлттық сипатты айқындаушы лингвомәдени көрсеткіштер (С.Мұқанов шығармалары бойынша).....	270
<i>Омаров Н.Қ., Әділбекова Ж.Қ.</i> Көркем мәтін және қарама-қарсылықты мағына.....	273
<i>Ормаханова Е.Н.</i> Роль паузирования в телевизионном дискурсе.....	277
<i>Сейітжанұлы З.</i> Қаһармандарды суреттеу ұстанымдары.....	279
<i>Тасполатов Б.Т.</i> Қазығұрт өңірі топонимиясының этнотанымдық сипаттары.....	284
<i>Жаханова З.Р., Уртанова Н.С., Орашова А.М.</i> Polysemy in english and kazakh languages.....	287
<i>Шаймердинова Н.Г., Сандыбаева А.Т.</i> Көпмағыналы сөздердің семантикалық құрылымы.....	289
<i>Беткенова М.С.</i> «Преодоления коммуникативных неудач» в процессе немецко-русской, немецкой, казахской межкультурной коммуникации.....	292
<i>Жиембаева Г.Т.</i> Қазақ және түрік тілдеріндегі сәлемдесу этикетіне қатысты тілдік бірліктер.....	296
<i>Сайын Ж.</i> Лингвокультурология как взаимодействие языка и культуры.....	299
<i>Жұмағұлов Е.Б.</i> Адам қасиеттерінің танымдық мәні	303

Резюме

В данной статье рассматриваются понятие метаразметки и его применение в корпусе казахского языка.

Summary

This article discusses the concept of metamarking and its application in the corpus of the Kazakh language.

Қайыпбаева А.

А.Байтұрсынов атындағы

Қостанай мемлекеттік университеті

Тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті, филол.ғ.к.

Көркем шығармалардағы синтаксистік синонимдер (М. Жұмабаев, С. Сейфуллин шығармалары бойынша)

Стильдер тобы мақсатты ойды дәлме-дәл жеткізетін тілдік тәсілдер екені, әрбір стиль тілде бұрын бардың негізінде және өзге тілдің ықпалымен кемелдене түсетіні ғылыми еңбектерде көрсетілген [1,152].

«Тілдің синтаксистік құрылысы, барлық стильге ортақтық қасиетінің күштілігінен оның бір-бір қазыққа арқандалған, басы байлы бөлшектері аз болады, дамыған стильдер жүйелерінің қарым-қатынасы күшейген сайын бірінен бірі нәр алып, ауыс-түйіс орайда дамиды». Синтаксистің стильдік қызметі, стильдік тәсілдері мол болады. Өйткені синтаксистік тәсілдердің көріктеу мүмкіншілігі әр алуан болатындықтан, жазушының синтаксисінен оның шығармаларының стильдік ерекшеліктері айқын көрінеді. Әдеби тіл стильдерінің барлық түрлері үшін бүкіл синтаксистік категориялар мен синтаксистік құрамдардың стильдік топтарға тән белгілері көзге мұндалап тұрмайды, ондай нәзік құбылыстың ысылған, кореген көзге бірден байқалатындары бар. Жақсы стилистер, тілдің жалпы синтаксистік нормалары мен басқа да мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, сөз тіркестерін, сөйлемдерді өздерінше ерекше нақыш, әуен, екпінмен айтуға лайықтап құрастырады [2,153]. Әдеби тілдің барлық стильдеріне қойылатын синтаксистік стиль талаптары тұрғысынан қарағанда, сөз тіркестері мен сөйлемдер құраудың нысанасы- ой айқындылығы екенін М. Балақаев т.б. ғалымдар айтқан. Сөз зергерлері тілде жоқты емес, әдеби тілде, халық тілінде барды «қиыннан қиыстарған» тың тілмен ой өрнегін құрастырады. Сондайдан әр сөз шеберінің өзіндік стиль ерекшеліктері жасалады [3,69].

Ойды көрікті сөзбен нақыштап, барынша жатық етіп құруды кез келген ақын-жазушы көздейді. Тілде бар сөздерден ақын-жазушылар шеберлік биігінде тұрып сөйлем, өлең жолдарын құрады. Тілге бай ақын-жазушылар ана тілінің мүмкіншілігін молынан пайдаланады.

Көркем сөздегі синонимдердің қолданысы туралы белгілі ғалым Р. Сыздықова «Сөз күдіреті» деген еңбегінде былай деп жазады: «Синоним дегендер- тек мағыналас (мәндес) келген сөз қатарлары ретінде лексикалық категория ғана емес, қолданыста, әсіресе көркем сөзде ең қуатты, икемді, актив стильдік құрал. Синонимдерді көріктеуіш қызметте жұмсау, әсіресе поэзияда кең орын алады. Жұмсалы тәсілдері, орындары сан алуан: синонимдік қатардан сол орында (сөйлемде, абзацта, шумақта т.т.) айтылмақ ойға (идеяға) ұтымды келетін варианты алынады, ол ұтымдылық сөздің модальдылық реңкіне, тіркесу қабілетіне, айналасындағы сөздермен үндесуіне (аллитерация, ассонанс құбылыстарын жасауға) қарай жұмсалыуына байланысты. Синонимдік қатардың біреуін тандауда олардың белгілі экспрессивтік бояуы барларына көбірек көз тігіледі»[4,27].

Нысанаға алып отырған Мағжан, Сәкен шығармаларындағы мынадай синтаксистік синонимдерді көрсетуге болады:

Мәндес сөздер, мәндес грамматикалық тұлғалар мен синтаксистік тәсілдер өз орнында дұрыс қолданылса, тілге ерекше өң береді. Бұған мысалды Сәкен Сейфуллиннен алайық:

Шұбырып ханның қолы жүріп кетті.

Жылыдай қан ұрттауға бұрып бетті [5, 27].

Бұл өлең жолдарының пысықтауышы «қан ұрттауға» деген тіркестің синонимдерін тауып, бұл жолды былай өзгертуге болады:

1) Жылыдай қан ұрттау мақсатымен жүріп кетті.

- 2) Жылыдай қан ұрттау үшін жүріп кетті.
- 3) Жылыдай қан ұрттағалы жүріп кетті.
- 4) Жылыдай қан ұрттайық деп жүріп кетті.
- 5) Жылыдай қан ұрттасак деп жүріп кетті.
- 6) Жылыдай қан ұрттайықшы деп жүріп кетті.
- 7) Жылыдай қан ұрттасак қайтер екен деп жүріп кетті.

Мұндағы мақсат пысықтауыштардың тұлғалары әр түрлі болғанмен, сөйлемнің мақсаттық мағыналары бірдей сияқты. Бірақ мына мысалда: «Қан ұрттауға жүріп кетті, Қан ұрттау үшін жүріп кетті» дегендер бір емес. Соңғы сөйлемде мақсат баса айтылған. Сондықтан, «жылыдай қан ұрттауға жүріп кетті»- дегендегі мақсат пысықтауышты басқа синониммен ауыстыруға болмайды. Оның себебі екі түрлі, біріншіден, бұл синтаксистік синонимдердің мағыналарында стильдік елеулі айырмашылық бар, екінші, мұндай синонимдердің бәрі бірдей кез келген етістікпен тіркесе бермейді.

Қазақ тіліндегі сабақтастардың бағыныңқы сыңарлары түрлі-түрлі тұлғада жұмсалады. Солардың бірі-мезгіл бағыныңқы.

Бұған мысалды Мағжан Жұмабаевтан алайық:

Көп түрік енші алысып тарасқанда,

Қазақта қара шаңырақ қалған еді [6, 175]

Мезгіл бағыныңқы сөйлемнің бірнеше синонимі бар.

- 1) Көп түрік енші алысып тарасқан кезде,
Қазақта қара шаңырақ қалған еді
- 2) Көп түрік енші алысып тарасса да,
Қазақта қара шаңырақ қалған екен.
- 3) Көп түрік енші алысып тарасымен,
Қазақта қара шаңырақ қалып па еді?
- 4) Көп түрік енші алысып тарай сала,
Қазақта қара шаңырақ қалып тұрды.
- 5) Көп түрік енші алысып тарасқанда,

Қазақта қара шаңырақ қалған еді – бағыныңқы басыңқыдағы істің өткен шақта болғанын білдірумен қатар, басыңқының баяндауышы да (қалған) өткен шақтық тұлғада тұруын керек етеді. Сондықтан, ол сөйлем соңғы «еді» - сөзінсіз айтылмайды.

Ал, Көп түрік енші алысып тараса,

Қазақта қара шаңырық қалған екен, - деген сөйлемдегі бағыныңқы да (көп түрік енші алысып тараса) өткен шақта, басыңқының (қазақта қара шаңырақ қалған екен) баяндауышы да өткен шақта, бірақ көмекші етістігі «еді» емес,-екен. Бұнда үлкен мән бар:

Көп түрік енші алысып тараса,

Қазақта қара шаңырақ қалған екен, - дегенде, бағыныңқы басыңқымен тек мезгілдес болып қана ұғынылмайды, басыңқыдағы іске бағыныңқының бастауышы айғақ (жітілікпен қарап, көзі жеткен) болғаны аңғарылады. Сондықтан шартты райды (тараса) есімшемен (қалған) алмастыра айту сөйлемнің елеусіз болса да мағыналық нәзік айырмашылығын білдіруге қиянат жасау болады. Кез келген шарттылық тұрған жерде, сөйлемдерді әр түрлі жақта, шақта, тәуелдік формада құрып тексеріп алу жөн. Тек қана жазып емес, әртүрлі әуенмен, дауыс ырғағымен айтып та көру керек, тыңдаушыға әсерінің қаншалықты екеніне зер салу қажет. Жеделдете, автоматты түрде құрылған сөйлемдерде үйлесім жоқ. Ол алдыңғы сөйлемнің аяғын, кейінгі сөйлемнің басын алып үзіп-жұлған, шалдыр-шатпақ болады. Мұндағы Мағжан ақынның айтып отырған «көп түрігі» белгілі бір ұлт өкілдері «түркі» халқы емес сияқты. Қай ұлттың өкілі болса да әйтеуір енші алу мақсатында арын, жанын сатқандардың бәрін «көп түрік» мағынасында берген тәрізді. Енші алмаса да, өз ұлтының тәлімі мен салтын бұзбай, қазақ халқы қара шаңырағын сақтап қалса екен деген ақын арманынан туған өлең жолдары ма дейміз.

Әуелі махаббат, табиғат жайлы өлең қойнауынан өріс алып, Мағжан бірте-бірте азаматтық, елді сүю, елдің болашағын ойлау тақырыбына кең құлаш ұрған ақын.

Сөйлем мүшелерін синонимдік ыңғайына қарап түрлендіруде үлкен мән бар. Бұған мысалды тағы да Мағжан Жұмабаевтан келтіреміз.

Ой бір теңіз –

Шетсіз, түпсіз тұңғыық.

Ой бір теңіз –

Жан түседі, жан қиып [6, 163].

Синонимді бірыңғай мүшенің бірі жеке сөз, бірі тұрақты тіркес болып та жұмсалады. Мұндағы «жан», «жан» деген сөздер екі рет қайталанып тұрған синонимдер десек те, бірінші жан – адам мағынасында, екінші жан тұрақты тіркестің «өзін-өзі қию, өмірін сарп ету» мәнінде берілген. Бұл «жан» сөзін екі рет қайталаудан ақынның ұтары айтылар ойға экспрессивтік үстеу. Ал бірінші «жан» есімінен гөрі 2-ші тұрақты тіркес құрамындағы жанның экспрессивтілігі басым сияқты. Мұны «адам түседі, жан қиып», дей салса да болар еді. Онда айтар ойдың экспрессивтілігінің қуаты төмендейді. Синтаксистік құрылымына лексико-семантикалық мағынасы да кіреді. «Жан» сөзі бұл контексте әр түрлі мағынада қолданылған.

Енді Сәкен Сейфуллиннен бір мысал келтірейік:

Біз қараңғы үйде отырмыз қарағым!

Басқа жұрттар жап-жарық қып шырағын.

Солардай боп біз де жарық көрейік,

Сендер де кеп шырақ жақшы, шырағым [5, 158]

Мұндағы «шырағын, шырақ, шырағым» есімдері мағыналық жүгі болғандықтан қайталанып тұр. Алдыңғы сөйлемнің (Басқа жұрттар жап-жарық қып...) етістігіне есім сөз (шырағын) тізіліп тұр. Соңғы сөйлемнің (сендер де кеп шырақ жақшы...) етістігіне де есім сөз (шырағым) қосылып (шырағым) ойға экспрессивтілік үстеп тұр (Синоним сөздердің 3 рет қайталануынан). Алдыңғы сөйлемде (шырағын) есімін қайталамай (сендер де кеп шырақ жағындар) десе, және соңғы шырағым есімін алып тастаса, мұнда экспрессивтілік те, белгілі мәнде жойылар еді. Ал «сендер де шырақ жақшы» дегендегі «шырақ» есімінің орнын ауыстыруға, не алып тастауға болмайды.

Мағжан Жұмабаевтан тағы бір мысал келтірейік:

Дарияға дауыл қуып кірген кеме –

Еркі жоқ, толқын айдап жүрген кеме.

Жайнаған жемісі көп бір аралға,

Кез келсе, тастап оны кетсін неге? [6, 97]

Мұнда «кеме» сөзі екі рет қайталанатын, мағыналары бірыңғайлы тіркестер бар: «дарияға дауыл қуып кірген кеме, еркі жоқ, толқын айдап жүрген кеме».

Бұл бірыңғайлы тіркестердің мағыналары біріне-бірі еселеніп үстелетіндей экспрессивті мән сезіледі. Бұл бірыңғайлы тіркестердегі «кеме» есімін немесе етістіктерін (қуып кірген, айдап жүрген) ауыстыруға немесе басқа мәндес сөздермен өзгертуге болмайды. Ақын қалай құрды, сол қалпында тұрып, айтуға жатық, құлаққа жағымды. Бұл Мағжан ақынның авторлық қолданыстағы фразеологиялық тіркестері.

Енді екі фразеологизмнің соңғысының етістігін қысқартып құрған ФТ-ке тоқталайық:

Бұл жөнінде О.С. Ахманова сөздігінде былай деген: Сокращение привычного парного сочетания путем опущения второго слова [7,122].

Мысалы: Іленің толқындары әлі күнге,

Айтады ерге жырау ауық-ауық [6, 254]

«Жоқтау салды» - жоқтау айтты, дауыс қылды [8, 204], ал «Жыр етті (қылды)» - аузының суы құрып әңгімеледі. [8, 223] мағынасын білдіреді. Мағжан ақын бірінші фразеологизмнен етістік компонентін қалдырып, екінші ФТ – дан есім сөзін (жыр) қалдырып, оған-ау жұрнағын қосып, ФТ (жырау айтады) құрған. Бұл жана ФТ жоқтау салу «жыр ету» ФТ-на негізделіп жасалған. Аяулы азаматтан айрылу халықтың қайғысы екендігі жағынан қарағанда «елге жырау айту» фразеологизмінен гөрі «жоқтау салу» ФТ-сі мағыналас келеді. Ал елге жырау айту ФТ-сы азаматынан айрылып, қайғысы жүрегін қақ айырып зар еңіреген халықтан гөрі оның өміріндегі жеткіншек жас өспірімдерге үлгі өнеге боларлық қасиеттерін мақтаныш тұта, ауыз толтыра әңгімелейтіндігі жағынан қарағанда «жыр ету» ФТ-сы мен мәндес. Демек, екі ФТ-ның мағыналарын қамтитын жаңа ФТ (жырау айту) жасаған. Яғни, 1-ші ФТ-ның «айту» етістігін қалдырып, оған + ау жұрнағын қосып, екі ФТ-дан құрамдас бір ФТ жасай отырып, мағынасын кеңейткен.

Сөйтіп, синтаксистік синонимдерді көріктеуіш қызметте жұмсау поэзияда кең орын алатынын мысалдар келтіру арқылы дәлелдедік.

Әдебиет:

1. Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. – Алматы, 1966. – 228б.

2. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы, 1965. –187 б.

3. Әуезов М. Қазақтың әдеби тілі туралы «Жұлдыз» журналы № 4. 1951. Алматы.

4. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы, 1997. – 224 б.